

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 9 қыркүйектегі N 1326 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 21 қыркүйектегі N 1419 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Е.Ш. Әлиді, З.А. Аманжолованы және Э.Ә. Әзімованы Баку қаласына (Әзірбайжан Республикасы) іссапарға жіберу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 9 қыркүйектегі N 1326 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

атауындағы "Е.Ш. Әлиді, З.А. Аманжолованы және Э.Ә. Әзімованы" деген сөздер "Е.Ш. Әлиді, З.А. Аманжолованы, Қ.Б. Тумышты және Қ.Ж. Қондыкерованы" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Жалпыазиялық ынтымақтастық департаментінің директоры Ерлік Шәкірұлы Әли, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Халықаралық құқық департаментінің директоры Зулфия Алтайқызы Аманжолова, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Жалпыазиялық ынтымақтастық департаменті директорының орынбасары Қанат Қобыландыұлы Тумыш және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Халықаралық құқық департаменті халықаралық шарттарды сараптау басқармасының бастығы Қарлығаш Жұмабекқызы Қондыкорова 2009 жылғы 23-26 қыркүйек кезеңіне Баку қаласына (Әзірбайжан Республикасы) іссапарға жіберілсін.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Е.Ш. Әлиге, З.А. Аманжоловаға, Қ.Б. Тумышқа және Қ.Ж. Қондыкороваға қонақ үйде тұруға, тәуліктік және Астана - Баку - Стамбул - Астана бағыты бойынша, З.А. Аманжоловаға Астана - Баку - Алматы бағыты бойынша көліктік шығыстарға 2009 жылға арналған республикалық бюджетте 005 "Шетелдік іссапарлар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен валюта айырбастаудың берілетін күнгі нарықтық бағамы бойынша белгіленген тәртіппен шетелдік валютада қаражат бөлсін."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов*